

УДК 373.159.9

**АУТИСТ БАЛАНЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДЕГІ
АВА – ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Тасболатова Ұлжан Сапарғалиқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Махадиева А.К.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәлімдесінде, қазіргі уақытта 160 баланың 1-і аутистік спектрдің (бұдан әрі-АСБ) бұзылуымен ауырады десе, 2020 ж. болжаулар ойынша 30 баланың 1-уі әлем бойынша осы дертке ұшырайды екен [1]. Қазақстанда аутизм диагнозы қойылған 35 мыңға жуық бала бар және олардың саны жыл сайын артып келеді. Инклюзивті білім беру бойынша қазақстандық ғалымдар да (Мовкебаева З.А., Ерсарина А.К., А.Б. Айтбаева, А.А. Байтурсынова, И.А. Оралканова А.Т. Искакова) ата-ана мен аутист бала қарым-қатынас жүйесін А.К. Махадиева зерттеген. Дегенмен, әрбір аутист бала бірегей екенін ескере отырып, жеке амал табу қажеттігі – бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі.

Аутизмге шалдыққан балаларда психологиялық-педагогикалық түзетулер неғұрлым ерте жастан қолға алынса, онда балалардың әлеуметтенуі соғұрлым арта түспек. Себебі аутизм емделмейтін, тек өмір бойы сүйемелдеуді қажет ететін психологиялық ауытқу.

АВА (Applied behavior analysis) - қоршаған ортадағы факторлардың мінез-құлыққа әсерін және адамның мінез-құлқын әлеуметтік жағымды жағына өзгеруін зерттейтін ғылыми дәлелденген пән ретінде анықталып келеді. Қолданбалы мінез-құлық талдамасы баланың жағымсыз мінез-құлқын жүйелі түрде зерттеуге, объективті өлшеуге, проблемалық мінез-құлықтың себебін анықтауға, аутист баланы әлеуметтендіріп, жеке оқу жұмыс жоспарын құруға мүмкіндік береді.

АВА – әдістемені алғаш 1963 жылы Лос-Анджелес қаласы, Калифорния университетінің докторы Ивар Ловаас (Ivar Lovaas) 1987 жылы әріптестерімен бірлесіп 59 аутист балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын түзетуге эксперимент жүргізеді. Эксперимент нәтижесінде 19 бала аптасына 40 сағат жеке оқу жоспарымен дайындалып, жоғары нәтижені көрсетеді. Аутист балалардың 47% бірінші сыныптағы қатарластарымен қатар тәрбие-оқу процесіне еніп, әлеуметтеніп кетеді. Мұндағы негізгі идея кез келген іс-әрекеттегі мінез-құлқтың себебі бар дегенге саяды, егер балаға іс-әрекет ұнаса, міндетті түрде болашақта сол жағымды мінез-құлқын қайталайды. Американдық ғалым Скиннер «Адам қоршаған ортамен басқарылады, орта толығымен адаммен қалыптасады», яғни, мінез - құлық өзінің нәтижесімен қалыптасады және тұрақталады (Skinner, 1938). Сондай-ақ, «Вербалды мінез-құлқын» (Skinner «Verbal Behavior», 1957) еңбегінде «адамның сөйлеу процесінде қолданатын дыбыстары вербалды мінез-құлқын формасының көрінісі, яғни екі адам тілдескенде сөйлеуші өз ойын жеткізеді, ал тыңдаушы әңгімені әрі қарай жағымды немесе жағымсыз мінез-құлқын арқылы ұнаса қабылдайды, болмаса әңгімені тоқтатады» деп айтылған. Мәселен, кішкентай бала өз қажетін сөйлеу арқылы анасына жеткізеді, анасы жауап беріп баланың сұранысын қанағаттандырады. Дәл осы психолог зерттеу үшін мінез-құлқын функционалдық талдауын ұсынады. Сол себепті Скиннерді мінез-құлқын талдауының негізін салушы деп атауға болады. Ал оның соңынан ерушілер Джек Майкл, Марк Сандберг т.б. тірі организмнің мінез-құлқын зерттеуді – фундаменталды ғылым деп есептеген. Яғни, аутист балалардың мінез-құлқын заңдарын қолдану 60 жылдардың басында зерттеліп, ғылымда кең таралуы 90 жылдарға келді. Екі бірдей аутист баланы тәрбиелеп отырған ана Кэтрин Моррис [2] «Сенің үніңді есту» еңбегінде: «Олар бұрышта отырмайды, олар жіппен ойнамайды, олар маған қарамай қала алмайды, олар үнсіз отырмайды, қаншалықты әлеуметтік ортадан бөлектенуді қаласа да, Мен оған жол бермеймін, қанша қиналса да, адамға тән күйлерді бастан кешіреді» - деген жан айқайы, екі баланы АВА әдістемесін қолдану негізінде әлеуметтік ортаға қосуы басқа ата-аналар үшін үміт отын жаққандай. Балаларын толығымен қалыпты өмірге оралту осы ананың қолынан келген. Дәл осы аутизм белгілерін ерте анықтаудың арқасында Кэтрин өз балаларындағы дағдылар жетіспеушілігін тиімді жеңуге мүмкіндік ашты.

Аутизмнің сапалық бұзылыстарда аутист баланың тұйықтығын, эмоциялық сезімдерін білдіре алмайтынын, көзге қарамайтынын және басым көпшілігіндегі сөйлеу функциясының бұзылысын ескерсек, әрине өз қажетін сұрай алмайды, бұдан балада түрлі жағымсыз мінез-құлқын формалары пайда болады. Оларға тоқталып өтсек: агрессия – (лат. Agressio – қаз. шабуыл жасау) – әлеуметтік адамдардың арақатынас тәртібінің талаптарына қарама-қайшылықты әрекеттердің әсерінен туатын деструктивтілік қылық. Агрессия объектілерге зиян келтіруі мүмкін немесе психологиялық қолайсыздықтар (қайғыру, қорқыныш, басымдық, басқаның пікірін күшпен басып тастау т.с.с.) туғызады. Аутоагрессия – өзін-өзі кінәлау, өзін-өзі қорлау, өз денесіне физикалық қиянат жасау, өзін кемсіту, өз денесін физикалық жарақаттауы: еденге құлау, басын еденге не қабырғаға ұру, қолын тістеу секілді көріністер арқылы байқалады. Өзіне бағытталған агрессия [3]. Тыңдамау – бала берілген нұсқауларды орындамау, ересек адамға әдейі назар аудармау арқылы көрінеді. Гиперактивті – ол баланың шектен тыс жылдам қимылдап, үстелден жиі тұрып кетіп, отырғызу қиынға түскенде. Аутоагрессиялық мінез құлық - бала рахаттану сезіміне бөлену, не болмаса өзін тынышталдыру мақсатында заттарды оральды зерттеуі - яғни аузына салып жалап, соруы. Бар денесімен алға-артқа тербелу, көз алдында саусақтарын қозғалтып, өзін не болмаса өзге адамдарды иіскеуі мүмкін.

Баланың дамуындағы ең маңызды дағдылардың бірі - өзіне көңіл аудару, сұрай алу дағдысы болып табылады. Себебі, аутист балаларға коммуникациялық қарым-қатынас жетіспегендіктен, өзіне көңіл аудару қиын. Көп жағдайда, ата-аналарға, жас мамандарға баланың жағымсыз мінез-құлқын анықтау қиынға соғып жатады. Мысалы: бала кенеттен айқайлап, айналасындағы заттарды лақтырып, өзін ұрып жатса, ересектер баласына кішкентай, тым ерке деп қарайды.

Баланың жағымсыз жүріс-тұрысындағы мінез-құлқын өзгерту оңай шаруа емес. Ол үшін баланың мінез-құлқына талдау жасау қажет. Анықтап талдау жасасақ, балада жағымсыз мінез-құлық орын алмай тұрып, басқа жағдайдың түрткі болғанын аңғарамыз. Сондықтан, бала жағымсыз мінез-құлық көрсетсе, мұнымен «не айтқысы» келгенін, жағымсыз мінез-құлыққа қандай себеп, түрткі екендігіне мән беру қажет.

Ол үшін қолданбалы мінез-құлық талданбасында себеп /мінез құлық/ салдар (ABC) ережесі қолданылады [4]. Мұндағы:

1. «Себеп» (жағымсыз мінез-құлыққа түрткі болатын жағдай)
2. «Мінез-құлық» (осы жағдайдағы, баланың және сіздің іс-әрекетіңіз)
3. «Салдары» (баланың жағымсыз мінез-құлық көрсету арқылы қол жеткізетін нәтижесі).

Мәселен, ойнап тұрған әуенді өшірді, бала қарсылық білдіріп, қатты жылап жатыр, әуенді қайта қосты, бала жылауын тоқтатты.

Бұл жерде жағымсыз «әуенді өшіру» - жағымсыз мінез-құлықтың туындауына себеп. Мінез-құлықтың салдары да, біздің іс-әрекетімізге әсер етеді. Ересек адам әуенді қайта қосып еді, бала жылауын тоқтатты. Бұл мысалда бала жағымсыз мінез-құлық, яғни жылау арқылы өзінің қалаған нәрсесіне қол жеткізді. Балада әрдайым қалаған нәрсеге одан да қаттырақ жылау арқылы қол жеткізуге болады деген, ойды қалыптастырады. Аутист баланың жағымсыз мінез-құлқын себептері 4 негізгі функциямен анықталады. Оларға жеке тоқталсақ.

1.Әлеуметтік назар аударту (Cooper, Heron & Heward, 2007) аутист бала әлеуметтік назар аудару немесе басқа адамдардан кез-келген реакция алу үшін белгілі бір мінез-құлықты көрсете алады. Мысалы, баланың мінез-құлқы ересектерді оған қарауға, оған күлуге, онымен ойнауға, оны құшақтауға немесе ұруға мәжбүр етуі мүмкін [5]. Қалаған затқа қол жеткізу – жағымсыз мінез-құлық түрін қолдану жылау, айқайлау, арқылы кәрініс береді. Мысалы, ата-аналар балаларына жанжал жағдайында, әсіресе олар қоғамдық орындарда болған кезде жол береді. Әдетте дамып келе жатқан көптеген балалар бұл мінез-құлықтан асып түседі, өйткені олар қоғамдық пікірмен санаса бастайды және дүкенде истериканы ұйымдастыру әдепсіз және ұят екенін түсінеді. Сонымен қатар, олар «қалаған затын кейінірек аласың» немесе «қазір оған ақша болмай тұр» сияқты ұғымдарды игереді. Алайда, аутист балалармен жағдай басқаша көрінуі мүмкін. Қолайсыз мінез-құлық истерия кезінде ойыншықтың берілуімен күшейтілуі мүмкін және жасына қарамастан мінез-құлық репертуарында бекітілуі мүмкін.

2.Жалтару немесе қашу – әдетте аутист бала қалаған затты ала алады немесе қалаған іс-әрекетке қол жеткізе алады. Мысалы, бала ата-анасы оған жаңа ойыншық (қажетті зат) сатып алғанша немесе оны хайуанаттар бағына апарғанша айқайлайды және айқайлайды. Немесе басқа жағдай: сабақ кезінде бала карточкаларды үстелден лақтыра бастайды. Бұл, баланың сабақты тоқтату үшін жасаған іс-әрекеті. (Miltenberger, 2008) [6].

3.Сенсорлық стимуляция - Әлеуметтік себептерге қарамастан пайда болатын мінез-құлықты сипаттау үшін «сенсорлық аутоstimуляция» немесе «автоматты түрде қалап тұру» немесе «стереотиптік мінез-құлық» атаулары қолданылады. (O'Neill, R., Horner, R., Albin, R., Sprague, J., Storey, K., & Newton, J. (1997) [7]. Басқа сөздермен айтқанда, стереотиптік мінез-құлық белгілі бір жағдайға реакция формасы ретінде емес, өздігінен жүреді. Көбіне аутист балада бұл денеге физикалық қажеттілікпен анықталады. Олардың түрлеріне сезім мүшелері: көру арқылы жарықтың көздерін бақылау, көз алдында саусақтарымен манипуляция жасау; есту арқылы құлағын жабу, құлағын бір жауып, бір ашу, болмаса саусақтарын дыбыс шығару мақсатында сыртылдату; тактильді дене мүшелері немесе заттардың беткі қабатына үйкелу; вестибулярлы теңселу, секіру; дәм сезу арқылы заттарды жалау, сору; иіс сезу арқылы: адамдарды немесе заттарды иіскелеу; проприоцептивті қатты құшақты, езуді немесе белгілі бір қалыптарды ұнату, сүйкену жатады. Кейде баланың қандай сезімді алуға тырысатындығын анықтау өте қиын, өйткені стереотиптік мінез-құлықтың көпшілігі бір уақытта бірнеше сенсорлық көздерді қоздыруы

мүмкін. Мысалы, үстелге ағаш текшені лақтыру визуалды (текшенің ұшуы) және дыбыстық сезімдерді қамтамасыз етеді. Қатты және бір-бірінен бөлінген дыбыстар еріннің моторикасын немесе есту сезімін тудырады.

Стереотиптік мінез-құлықпен жұмыс істеу оңай емес, өйткені бұл мінез-құлық балаға белгілі бір жайлылық деңгейіне жетуге көмектесетін сезім тудырады. Тиісінше, маман баланы әлеуметтік ортаға бейімдеуде мұны ескеріп, осы мінез-құлыққа тыйым салуға немесе жекіп ұрысуға тырыспауы керек, іс-әрекетті басқа бағытқа бағыттауы керек. Мысалы, егер бала қолын сорса, баланың соратын резеңке тіс щеткесін беруге болады. Немесе егер бала орындықта алдыға–артқа серпіліп отырса, оны сабақтан тыс, үзіліс кезінде басқа бөлмедегі әткеншекке отырғызып тербету керек. Сондай-ақ, баламен жұмыс істейтін маман, егер балада вокалдық стереотиптер болса, невропатологпен кеңесу керек. Кейде тиктерді стерео - типтік мінез-құлық ретінде түсіндіруге болады. Обсессиялар, компульсиялар және ритуалды әрекеттер — баланың және оның қоршаған ортасының өмірін қиындататын айқын обсессивті күйлері. Аутист балаға кішкене өзгерістердің өзіне бейімделу қажеттілігі үлкен стрессті тудырады. Компульсивті компонент әлемнің әдеттегі бейнесін бұзуға немесе рәсімді тоқтатуға жауап ретінде қосымша проблемалық мінез-құлықтың пайда болуында маңызды рөл атқарады. Обсессия адамның ойлары мен сезімдері мезгіл-мезгіл кез-келген идеяға, бейнеге немесе тілекке толығымен бағынатындығын білдіреді. Мысалы, аутист балаға «Маша және аю» мультфильм танымдық бағдарламаны қарап шықты, енді үш ай бойы сол Машаның кейпі туралы бәріне айтып берді. Компульсия белгілі бір әрекетті орындау немесе белгілі бір жолмен бірдеңе жасау үшін шешілмейтін қажеттілікті сипаттайды: ас құралдарын біркелкі таратып, киімдерді түстерге іліп қою, құрағыштарды түстермен және т. б. Ритуал — жүйелі түрде орындалатын қатаң дәйектілігі бірқатар іс-әрекеттерді сақтау мақсатында тыныштық немесе деңгейін төмендету уайым. Мысалы, аутист бала үйіне бір жолмен барады.

Бұдан шығатын қорытынды, кез-келген мінез-құлықтың туындау себебі бар. Ең алдымен қарым-қатынас тәсілі екенін білдік. Қарым-қатынастық және әлеуметтік дағдылардың жетіспеушілігін есепке алмаған күнде аутист балалар түрлі мінез-құлық формаларын көрсетеді. Аталған жағымсыз мінез-құлықтың себебін анықтай отырып, түзетулерге жүргізген кезде бала әлеуметті ортада өзі сенімді ұстайды әрі тез бейімделеді.

Аутист баланы әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейін эксперимент жүзінде анықтау

Зерттеу нысанының сипаттамасы. Зерттеу Нұр-Сұлтан қаласы «№4 КППК» аутист балаларға арналған орталықта жүргізілді. Жүргізілген зерттеуге 3-5 жас аралығындағы 2 аутист бала қатысты. Балалардың аты-жөні өзгертілді. Ата-аналармен әңгімелесу барысында балалардың анамнезімен таныстық. Екуі де ер бала. АБ – 3 жаста, аутист ер баланың коммуникативті дағдыларының қалыптаспағандығы, өзгелерге бағытталған агрессивті мінез-құлықтың басымдығы, үнемі ата-анасы мен үйіндегі қарындасын ұратыны анықталды. СА – 6 жаста, аутист ер бала. Базалық дағдылары қалыптаспаған, бір түсті қарындаштарды жинайды, сөйлемейді, қызыл түсті киімдерді ғана киеді өзіне бағытталған агрессия. Көріп отырғанымыздай баланың үшеуінде де аутизм диагнозы қойылған, бірақ аутизм белгілері әр түрлі. Дегенмен үшеуінде де әлеуметтік ортаға бейімделуге кедергі келтіретін өзіне, өзгелерге бағытталған жағымсыз мінез-құлық бар екендігі анықталды. Балаларға жеке жұмыс бағдарламасын құрмас бұрын жағымсыз мінез-құлықпен жұмыс жасау қажет. Ол үшін біз ата-аналарға қолданбалы мінез-құлық талданбасында себеп/мінез-құлық/салдар (АВС) ережесіндегі хаттамасы қолданылуды ұсындық (1,2 - кесте). Ол үшін ата-аналарға 2 апта уақыт баланың жағымсыз мінез-құлық көрсеткен мерзімін кестеге (күні, уақыты, себебі, мінез-құлықтың сипаттамасы, салдары, жазып әкелу тапсырылды. Төменде берілген кестелерде балалардың 2-3 күндік жағымсыз мінез-құлық және әлеуметтік педагог тарапынан анықталған мінез-құлық функциясы сипатталған.

Кесте – 1 АБ аутист баланың 2 күндік толтырылған кестесі мен әлеуметтік педагог тарапынан анықталған мінез-құлық талдамасы

ТАӘ	Күні	Уақыты	Себеп	Мінез-құлық	Салдары	Мінез-құлық функциясы
АБ	12.03.	12:13-12:30	Балаға ойыншығын жина деп айтылды	Бала анасын, соғып, тістеуге тырысты	Бала ойыншығын жинамай, бөлмеден шығып кетті	Жалтару немесе қашу
АБ	12.03	14:00-14:20	Балаға тамақ іш деп айтылды	Бала жылап, анасы тамақтандырып отырған қарындасын тістеп алды	Анасы баласын ұрды	Әлеуметтік назар аударту
АБ	12.03	13:10-13:25	Анасы 1,5 жасар қызын тамақтандырып отырған	Жүгіріп келіп, еденге басын ұрып жылай бастады	Анасы келіп баласын көтеріп құшақтады	Әлеуметтік назар аударту
АБ	13.03	18:15-18:20	Анасы тамақ жасап жатыр	Жүгіріп келіп қарындасының алмасын қолынан жұлып алды	Анасы баласына айқайлап, ұрды	Әлеуметтік назар аударту
АБ	13.03	18:10-18:20	Бала тамақтанып отырып, тамағын жерге қопара салды	Анасы кішкентай қызын тамақтандырып отырған	Анасы баласына айқайлап, ұрды	Әлеуметтік назар аударту

Көріп отырғанымыздай АБ бала біріншіден сөйлей алмайды. Екіншіден үйде барлық назарды ата-анасы тек кішкентай қызға аударады. АБ ата-анасымен қарым-қатынас құралы ретінде, кішкентай қарындасына әлімжеттік көрсету арқылы алып отыр. Әрине бұл жағымсыз мінез-құлықты ата-ананың өзі бекітіп отыр. Себебі кестеге назар аударсақ, бірде баласын ұрса, енді келесіде баласын аяп құшақтап отыр. Ал аутист бала бұл жағымсыз мінез-құлық екенін білмейді. Әр уақытта осылай жасау арқылы ата-анамды өзіме қарата аламын деген түсінік қалыптасқан.

Ата – анаға келесідей ұсыныстар берілді:

- Бала, жағымсыз мінез-құлық көрсеткен жағдайда (ол жылау, айқайлау, тепкілеу) сұраған затын бермеу;
- Жағымды мінез-құлығы үшін мадақтау;
- Балаға дауыс көтеріп, зекімеу;
- Балаға белгілі бір уақыт назар аудармау;
- Балаға алдын-ала, жиі назар аударатындай жағдайлар жасау қажет, баламен бірге ойнап, көңіл бөлгеніңіз дұрыс;
- Баланы өзіне көңіл бөлуді, жылау арқылы емес, сұрай алу арқылы назар аударуды үйрету.
- Бала сөйлей алмайтындықтан, қарым-қатынастың баламалы түрі - PECS карточкалары арқылы баланы сұрауға үйрету қажет.

Кесте – 2 СА аутист баланың 2 күндік толтырылған кестесі мен әлеуметтік педагог тарапынан анықталған мінез-құлық талдамасы

ТАӘ	Күні	Уақыты	Себеп	Мінез-құлық	Салдары	Мінез-құлық функциясы
СА	15.03.	17:10-17:11	Балаға қонаққа барамыз, қарындаштарыңды үйге тастап кет деп алып қойды	Бала өзін бетінен соққылай бастады	Бала қарындаштарын қайта қолына алды	Стереотипті мінез-құлық
СА	15.03	21:50-21:51	Балаға ұйықтардағы қызыл жейденді жуамыз басқасын кие ғой ақ жейде берді	Бала өзін бетінен соққылай бастады	Қызыл жейдесін қайта киді	Стереотипті мінез-құлық
СА	16.03	16:18-16:20	Бала ойнап отыр, анасы емханаға барамыз деді	Бала ойыншығын лақтырып, басын еденге соққылай бастады	Анасы медбикені үйге шақырды	Стереотипті мінез-құлық
СА	16.03	14:20-14:25	Бала аяқ киімін анасына әкелді. Анасы бүгін далаға шықпаймыз, күн суық деді	Бала басын еденге соққылай бастады	Анасы баласын қалың киіндіріп далаға алып шығып, әткеншекке отырғызып тербетті	Стереотипті мінез-құлық

Бұл кестеден СА стереотипті мінез құлықты, соның ішінде ритуалдылық ұстанады. Себебі үнемі қызыл түсті киімдерді кигенді ұнатады. Қарындаштарымен күні бой бірге жүреді. Сондай-ақ СА – дан байқағанымыз, уақытты да сезеді, оған дәлел күніге бір уақытта далаға шығып әткеншекте тербетіледі.

Ата – анаға келесідей ұсыныстар берілді:

-Шектеу қоймау керек, әткеншекке бір уақытта барып тербетудің екі жақты қарастыруға болады, физиологиялық жағынан балада вистибулярлы сезіну жетпейді, күн суық болғандықтан, үй жағдайында балаға әткеншек, немесе жұмыртқа тәрізді баланы ішіне кіргізіп айналдыратын құрылғы, түрлі-түсті тербелетін көпір т.б. үкі жұмртқасы (яйцо Совы);

-Жағымсыз мінез-құлықты өзге іс-әрекетке бұру қажет. Балаға қосымша мотивациялық факторларға қол жеткізуге мүмкіндік беру.

- Қызыл түсті бірнеше жейде алып қою керек. Уақыт өте келе, бала әбден сол түске қаныққанда ол түстен бас тартады. Не болмаса қызыл түсті әр түрлі суреттер салынған жейделерді алыңыз. Бірер күннен кейін қызғылт түсті алдыңғы бетінде бала ерекше жақсы көретін мультфильм кейіпкері, ойыншығының суреті салынған жейдені ұсыныңыз. Баладан

бірден киюді талап етпей қасына қойып қойсаңыз болады, сосын т.б. минут кигізіп, мақтап-мадақтап шешуге рұқсат беріңіз.

-Бала сөйлей алмайтындықтан, қарым-қатынастың баламалы түрі - PECS карточкалары арқылы баланы сұрауға үйрету қажет.

Қорыта келгенде, АВА – әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген жаңа әдістеме. Бұл әдістеменің өзектілігі – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың тұрақтылығын әрі ішкерілей түсінісуін қалыптастырады, баланың ортаға әлеуметтенуіне көмектеседі. АВА стратегиясының көмегімен, аутисті бар бала коммуникативті инициативасын «дұрыс» білдіруге үйренеді, яғни «өз бетінше» сұраныс білдіреді. Әрине қарқынды ілгерілеу балада АВА терапиясымен неғұрлым ерте жастан үздіксіз дайындалғанда оңтайлы нәтиже береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://www.inform.kz/kz/kazakstanda-autizm-diagnozy-koyylgan-35-mynga-zhuyk-bala-bar_a3513569
2. http://www.childneurologyinfo.com/education-text_let_me_hear_your_voice_1.php
3. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология: энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 624 б.
4. О. Мелешкевич, Ю.Эрц. Особые дети. Введение в прикладной анализ поведения(АВА): принципы коррекции проблемного поведения и стратегии обучения детей срасстройствами аутистического спектра и другими особенностями развития. – Самара: издательский Дом «Бахрах - М», 2017.
5. Cooper, J., Heron, T., &Heward, W. (2007). Applied Behaviour Analysis. New Jersey: Pearson Education.
6. Miltenberger, R. (2008). Behaviour Modification. Belmont, CA. Wadsworth Publishing.
7. O'Neill, R., Horner, R., Albin, R., Sprague, J., Storey, K., & Newton, J. (1997). Functional Assessment and Programme Development for Problem Behaviour: A Practical Handbook. Pacific Grove, CA. Brooks/Cole Publishing Company.